

Жаңа кітап

Жарық дүниеде туған жерден артық, өзің көзіңмен көріп, көкірегіңе түйген тау-тас, сай-сала, өзен-көл, ақ қайнар бастаулардан сүйікті не бар?! Алтын бесік, сағыныштың самалы ән болып тербеліп, жүрекке жыр болып жылбылық шашқандай. Осындай алабеттен күй кештіретін өнер құдіретін айтсайшы. Өзгені қайдам, өз атамекенінен аттап алысқа ұзамай, дархан даласын көркем сөзбен өрнек-теп келе жатқан қаламгер Өмір Кәріпұлы өзіме тым ыстық көрінеді.

Жалындаған жігіт күнінде туған жердің тау-тасын өлеңмен өрген, киелі топырағы дем берген ақын өлеңдерін оқығаным бар еді. Өмкең орда бұзар отыздан асып, қамал алар қырыққа жетпестен қара сөзге алғашқы «Сарыбел сазы» атты туындысымен ауысты. Бұдан кейін «Атасының баласы», «Ескі тоған» әңгіме, повесть жинақтарынан кейін, кеңінен көсіліп, «Бұрқақ», «Тайталас» романдарын жазды. Енді қолыма «Серілер мен перілер» атты жаңа бір туындысы түсті. Аталған шығармалардың арқауы атамекеннің өткені мен бүгінгі екендігін оқырман қауым терең түйсінсе, сол даланың перзенті ретінде сезіммен сүйсінгеннің бірі мен дер едім. «Жекенің жалпыдан шығатынындай, атамекенге деген сүйіспеншілік те адамзатқа деген сүйіспеншіліктен шығуға тиіс» деп белгілі сыншы В.Белинский айтқандай, жазушы Өмір Кәріпұлы туған жер шежіресін туындысы арқылы жасап келе жатқан қаламгер екендігі анық. Оның сөзі таулар-

асқақтататын киелі домбыра үнімен сөйлейтін күй құдіретінің сырын біліп, қадір-қасиетін түсінудегі «Қоңыр сарын» повесінің оқиғасы шымыр, образ жасау тәсілі сәтті шыққан. Бір сәт күйші Өбікен Хасеновтің тағдырымен бірге егіліп, қамшының сабындай қысқа ғұмырын



қайғы -мұң, оңай жолы болғандардың қуаныш-шаттығы. Таразының бір басында өмір тауқыметін көп тарзынан - Мекен тағдыры, екінші басында күлкісі - көктем, айналасына өктем-Бекболдың бейнесі. Кеңес дәуірінде де бастықтың баласынан көрмеген құқай бар ма?! Атамекеніне аңсап жеткен, жетімді жебеудің орнына «Қытай», «Моңғол», «Моңғолит» деп жүргендерді күнде естіп келеміз. Ел болсақ дегендер тарыдай шашылған қаны бар қазақты елге жинап әлек, елге келгенді тамағы тоқтар мен көйлегі көктер қинап келеді. Мекеннің рухы мықты жаратылған жас. Қанша жалтақтаса да, өзінің ақ махаббаты үшін жанын пида етуге өзір. Ғашықтық әнін абайсызда үзіп алып, шарасыз күйге түскен Лағылдың жайы бүгінгі жүздеген арулардың бейнесінің жиынтығы. Бір-біріне қосыла алмаған асықтардың зарлы әні бүгінгі таңда дәстүрге айналып кеткендей. Алып қашу, алдап торға түсу үдеп барады. Отбасы берекелі, әр күні мерекелі болмай өмір қалай мәнді болмақ. Бұның соңы ұлттық адами қасиеттер тозып, ұрпақ азып кетпесіне кім кепіл. Зорлық пен қорлықтан көтерген қара баладан Қаракөз қарындастар неге безіп жүргенін түсінетін жүрек, бауырмал ниет керек. Жазушы осыншалық суренсіз жалғанды, табиғат, адам, хайуанаттар тағдырымен қоса суреттейді. Жасынан дегені болмаса, тамағынан ас өтпейтін Бекболдың өккілігі әрдегі Бекежаннан асып түседі. Жеті қазының біріне саналатын екі итті бірден сілейтін салған, қылмысқа қапысыз дайындалып, сапар-

Сарыбел саздары

ды теңселтіп, сай-саланы күмбірлетіп, өзен-көлдi ән-мен күйге бөлеп, ақ тұма бұлақтарды күлдіріп жатқандай. Суреткердің тұңғышы «Сарыбел сазы» мен бүгінгі «Серілер мен перілер» жинағына дейінгі қалам қайраты бұны бұлтартпай дәлелдеп беретіндей. «Ескі тоғандағы» өткеннің елесі, «Бұрқақтағы» заманның бел-белесі, «Тайталастағы» өлара шақ бәрі де жазушының көзбен көріп, жүректен сезген дархан даланың ақиқат аңыздары болатын.

Оқырмандарына енді жеткен «Серілер мен перілер» аталатын Ө.Кәріпұлының жаңа кітабына алты повесть, сегіз әңгіме енген. Жаңа кітаптың бөташары «Саятшы» повесімен басталады. Осы уақыт аясында әйгілі Сәкеннің кім екендігі мағлұмат түрінде, деректік жағынан таныстырылып келді. Анығында рухы биік тәкаппар, асқақ ақынның ұшқан

шеңберімен шектелгені мәлім Бұрынғы танымы түйіні Сәкеннің кедей табынан шығып, сол кедейдің мұңы мен азаттығын алып беруші дегенге саятын. Амалын бағып қисынын тауып айтудың өзі кез келгеннің қолынан келе бермеген. Ел арасындағы көненің көздері айтатын «Сейфолла саятшы» тұрасындағы аңыздың желісіне құрылған көркем туындының композициясы дәстүрлі ұлттық үлгімен пішілсе, сюжеттік өрбүйі үнемі шиеленіспен беріледі. Саятшылықты ғұмырына серік еткен Сейфолланың бесіктен белі шықпастан ата-анасынан айырылуы, ерте есейіп ел назарына күйшілік-әншілік және саятшылықпен ілігуі, Жамалдай сұлуды құтты шаңыраққа қондыруы мен ұрпақ өрбітуі бірден жүйелілікті танытады.

Жазушы тарихты дәлме-дәл қайталаушы емес. Оның міндеті хронологияны сақтап, асқақ шабытпен сол тарихтың тағдыр-талайын баяндап беруші. Бұл тұрғыда Өмір Кәріпұлының таңдағаны романтика екені анық. Суреткер шеберлігі саятшы Сейфолланың қырандарының тектілігі мен аңшының өз өмірбаяны және ұрпағының сұңқарша самғауын параллелизмге бағындырып, барынша көтеріңкі леппен жымдастыруынан танылады. Бір әулеттің өткен өмірінің бел-белестері, қайғысы мен қуанышы, уақыттың берген сән-салтанаты мен берекесін кетірген жылымық жылдардың жан-жарасы бәрі де қатарлас бейнеленген. Автордың өзін қамшылайтуғын тұсы кеңістік сұрқы қашып, адамдар тағдырының аяқ асты болуының шектен шыққандығын баяндауынан танылады. Сезім пернесін күңіретте шертіп, қос шекке жымдасқан құпия сырды бебелулетіп барып кілт тоқталды. Оқырман да осы сәт «Опасыз, жалған-ай» деп отырып қалатындығын бұдан әрі айтпасақ та болар.

Жазушының жаңа кітабындағы өнер тақырыбы «Қоңыр сарын», «Қыз қайырма» повестері арқылы жалғасады. Ұлттың рухын

«қоңыр» сазына түсірген тебіреніске терең сезіммен демінді ішіне тартып, соңында күрсініспен тыныстайсың. Шығарма шырайын келтірудегі диалогтардың қызметінің маңызы зор. Дарындар тілдесуі. Өнер өкілдері Қалибек Қуанышбаев пен Өбікен Хасенов арасындағы сұхбатқа мән берейік: «Қалибек жауап орнына бармағын көрсетті. Онысы ризаланғаны еді.

- Ұнады ма?
- Жақсы екен... Тым ауыр ма қалай?! Күңіренісі басым... Күйік - шер толған.
- Енді қайтейін?! - деді күй иесі шарасыз теткіп.

Арманда кеткен үш қоңыр, көп қоңырларды жоқтағаным. Шығарған хатым құраным соларға...

Жаралы жылдардың жаңғырығы жүректі жаралап, тағдырын тәлкекке түсіргенін таланттың түйіндеуі. Заманның запыраны, адамның ашыңғаны бір күйдің ыргағына сыйып, жазушыға да жай таптырмай қаламынан қағаз бетіне түсіп, өшірілмес ескерткішке айналғандай.

Киелі күй мұнымен бітпейді. Атақты күйші Сайдаль сары Тоқаның өнердегі өресі мен жеткен межесі «Қыз қайырма» повесі арқылы ашылып, рухтың күштілігін қаламгер қапысыз танытады. Автор аламан бәйгеге қосылғандай тізгінді еркін жіберіп, қамшы салдырмастан шығарма финалының шешімін шеберлікпен аяқтайды. Күйші тағдыры, күй тарихы бір-бірімен үйлесіп, жаратушы берген сергектік пен сезімталдықтың фәнидегі талантты ерекшелігіні серіліктен танылатындығын үздіксіз оқиғаның дамуы арқылы ашылады. Кезіндегі дәулескер күйшінің тарихта ерте танылуына кедергілердің бірін тап басып, жазушы емеуірімен естияр жұртқа осылай жеткізеді.

Көркем шығармалар қатарындағы «Ау-сар» повесінің айтары мен андағуы тым күрделі. Кейіпкер Сарыауыз бойынан жігітке тән өнердің бәрі табылады. Бірақ, оның бесіктен белі шықпастан керегені жетімдік, есіктен шыққандағы тәлім-тәрбиесі барымта мен зорлық-зомбылық. Құш қайраты толысқан дәуренін өзінің керегіне пайдаланған нағашысының барында Сарыауыз алып та, шалып та жықса сүйемелдеушінің соңғы өсиетіне құлақ аспастан алған бетінен қайтпайды. Шығарманы бүгінгі өмірмен салыстырсақ, қазіргі сүйемелдеушілері бар, өзінен басқаның бәрін тобыр ретінде түсінушілер ойға оралады. Қолдаушысы кеткеннен кейін тағдыр-талайы не болады, ел-жұртына жасаған қиянаты мен қысастығының көрге түскенше ессіз кетпейтіндігіне Сарыауыз тағдыры сабақ болардай. Кергіндерден кек алу жолы оңай еместігін жазушы ишаралай жеткізіп, жампоз жігіттің аусарлық қылығына жаны күйзеледі. Елге лайық ердің жаза басып, мағынасыз тірлікпен өткен ғұмырына налиды.

Бүгінгі заман күйін шертетін «Сынақ» повесінің сыры терең, мағынасы мазмұнды. Кейіпкер бейнесі ұлттық психологизмнен өрілген. Күнделікте өмірдегі болып жатқан

ға жалғыз шыққан Бекболдың мақсаты Мекеннің көзін жою болатын. Бір-ақ, өмір сынағы басқаша болды.

Жаңа жинақтағы драмалық шығармаға сұранып тұрған соңғы повесть - «Безкөл аңыз». Жадыраның басындағы тағдыр-талайы бүгінгі жастардың өмірінде де кездесетіндігі анық. Армандарына жете алмай кеткен Құлпынай мен Бәдір, өзінен бірнеше жас үлкен талантты ағасына ғашық болған Жадыраның бастан өткендері тартымды баяндалады. Шынайы махаббатты тұмардай сақтап, өзге біреудің қосағы болғанда да естен шығармаған Жадыраның рухына еріксіз егілесіз. Үнемі бірінші жақтан баяндалатын оқиғаның өрбүйі, адам басындағы тағдыр-тауқыметі, өз бақыты жолындағы әрекетін психологиялық жағынан күрделендірген. Пәк сезімге жасалған қастандыққа төтеп беру, жан жарасының ауырталығын көтеру Жадыраның мандайына әуелден жазылмағандығы ақиқат. Бұл жерде қаламгер бүгінгі жастардың тәлім-тәрбиесін, азғындық жолға түскеннің жазасын кетпегендігі мейлінше ашады. Туған жер мен сүйгеніне деген ақ махаббаты аяққа тапталған. Жадыра ғана ма, талайдың пәктігін пәршелеген Айболдар аз ба? Жазушының жүрегі жылап, өмір көшінен көрген көзсіздіктерді кесілте суреттейді. Мәдениет ошақтарының тұтқасын ұстағандардың да қаны қарайып, көздері ақып бара жатқанын қалам қаһарына алады.

Шығармалар жинағындағы сегіз әңгіменің сыры мен жыры да повестермен үндесіп, заман зарын, адам баласының, жазықсыздан жапа шеккен жан жарасын әр қырынан жеткізеді. Суреткердің көркем бейнелерінің бояуы шеберлігінен сырланып, сюжет жасауы барынша жұмырланған. Тек қаламгердің жыныстық қатынасты таусыла баяндап, тамсана селдететіні дйттеген жерден шыға бермейді. Батыстың баянсыз махаббатын мансұқтаған теледидардың тәрбиесі ұлт санасын бұрып, ұл мен қызды бұзып бара жатқаны аз айтылған жоқ. Бұл дерттің диагнозын алдымен қаламды қару еткендер қойды. Енді емдеудің жолымен дәрісін табу да солардың еншісіне тисе керек. Жұз қаракөздің ішінен ұлттың рухын ұстап, заман иілеуіне қарсы тұратын оның шығуы мүмкін. Тұрлаусыз кеткен тобырға, тұғыры берік азғана тектілердің өсер ететінін ұмытпайық. Соларды тауып, ұлттық идеяға бағыттасақ ұтарымыз көп болары сөзсіз.

Жазушы Өмір Кәріпұлы да сырлы өмірдің сиқы сұрғылт тартып тұрғанын тап басқан. Серіліктің өткені мен бүгінін салыстыра оқырман қауымға ой тастап, «қырандар аман жүрсін!» дегенді түйіндейді. Қаламгерлік шеберлігімен туған жер, ел тағдырын, өмір өткелдерін көркемдік шеберлікпен шежіреше тартып келе жатқан өнер өкілінің өз мәнері, көпке жағымды әуені барлығы мойындалған.

Сөздің соңғы сөйлемін жазушыға асқақ шабыт тілеп, қыл қаламмен ғұмырбаяныңызды көтеріңкі леппен биіктеге беріңіз деп аяқтауды жөн санадық.

Берік РАҚЫМОВ,
филология ғылымының докторы,
профессор, ҚарМУ-дың қазақ фольклоры және әдебиет тарихы кафедрасының меңгерушісі.